

*Кітап - Ғұпиялы ғұлы
ғажайып әлемі*

Виртуалды көрме

Құрметті балалар!

Барлықтарыңызға мәлім Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды "Балалар жылы" деп жариялады, осыған орай біздің кітапхана сіздерге арнап «Кітап - құпиялы ұлы ғажайып әлемі» атты виртуалды көрмесін әзірледі.




Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі - білім қазынасы. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. "Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік", - деген еді Ғабит Мүсірепов. Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жарата білу - әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

Виртуалды көрmemізге сәтті сапар!

Балаларға ерекше назар аудару керек.
Себебі олардың амандығы - мемлекетіміздің
жарқын болашағының сенімді кепілі.

Қасым-Жомарт Тоқаев





Кітап – рухани сарқылмас қазына.
Кітап деген де, әр адалның түсінігі әр
түрлі. Мәселен біреулер ермек үшін оқыса,
біреулер адал өміріндегі маңызы, ғылым
мен білімнің пайдасы деп түсінеді.
Білімнің қайнар бұлағы – кітап.
Сондықтан да мұны адалзаттың баға
жетпес құндылығы деп білеміз. Кітап
оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін
емес.



Кел, балалар, оқылық!

Бір күдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.

Істің болар қайыры
Бастасаңыз алдалап,

Оқымаған жүреді

Қараңғыны қармалап.

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге



Ықыласпен тоқылық.

Оқысаныз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар.




Реалист жазушы, азартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескен тұңғыш келеңгер – Ыдырай Алтынсарин.

Оқып, білім алып, өз тізгінін өз қолына алған күннен бастап-ақ Ыдырайдың ерлігі де, ерленері де халық болды. Сол халықтың келешегі үшін бағын бәйгеге тігіп, белсеніп іске кірісті. Кезіндегі жағдаймен санаға отырып, Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі - мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықтың сауатын ашу, екіншісі - халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері.

84(5Қаз)
А46

Алтынсарин, Ы. "Өнер-білім бар жұрттар..."
[Мәтін] : көпшілік-танымдық бас. / Ыбырай
Алтынсарин. ; [құраст. А.Ү. Сужикова].- Алматы :
Алматыкітап, 2014. - 120 б.



Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршының өмірімен, ағартушылық-педагогикалық қызметі, шығармашылығымен таныстыру мақсатында осы жинақты оқырман қауымға ұсынып отырмыз.

Кітапқа Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері, әңгімелері, аудармалары, сондай-ақ халық аузынан жинаған ертегілері енгізілді.

Жинақ мектеп бағдарламасына сәйкес құрастырылды. Мектеп оқушылары мен көпшілік қауымға арналған.



84(5Қаз) Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге [Мәтін] : өлеңдер мен
А13 қарасөздер / Абай. – Алматы : Атамұра, 2014. – 288 б.



Қазақ ақыны, композитор, ағартушы, ойшыл, қоғам қайраткері, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы және оның алғашқы классигі, қазақ тілін орыс тілімен жақындастыру рухында мәдениет реформаторы Абай Құнанбайұлы.

Хакім Абайдың асыл мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретін баға жетпес қазына.


Артына өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы ақынның шығармаларын кейінгі толық көкірегіне толып, көңіліне шамшырақ етіп алары сөзсіз.

821.512.122-93 Асқар, О. Балалар әлемі [Мәтін] :
А88 [балаларға арналған өлеңдер, аңыз-ертегілер,
поэмалар, жұмбақтар, жаңылтпаштар] /
Оразақын Асқар. – Алматы : Жалын, 2021. –
672 б.

Оразақын Асқардың «Балалар әлемі» деп аталатын бұл кітабында бөбектерді жіті қадағалау барысында жазылған бала тілінің бал екенін дәлелдейтін қызықты сөз, іс-әрекет, қылықтары, үйдегі, мектептегі, каникулдағы үлгілі, өнегелі өмірлері нанымды да көркем, көңілді көрініс табады.


Сондай-ақ, ақынның өзі қызмет еткен қала өмірі, демалыста, іссапарларда аралап көріп - білген жер көріністері, ел тұрмысы, ауыл тіршілігі, ағайын-туған, отбасы қарым-қатынастары оның өлең-жырларынан жан-жақты әсерлі көрініс табады.

Ақын Оразақын Асқар Халықаралық «Алаш», Түркі әлемі «Ақбозат» және Мұқағали атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты, «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері.



821.512.161-93
К67

Көзікоғлу, Т. Арман керек адамға
[Мәтін] / Тулин Көзікоғлу.; сурет. Едже
Зебер ; ауд. Динара Бахытбек. - Нұр-
Сұлтан: Фолиант, 2019. – 52 б.



Түрік жазушысы Көзікоғлу Тулиннің кітабындағы кейіпкер Синанның да өз арманы болатын. Ол бала кезінен суретші болуды армандайтын. Алайда қолына қылқаламын алып, енді отыра бергенде бір іс дайын тұратын. Сөйтіп, сүйікті ісіне қанша көңіл бөлгісі келгенімен, уақыт өте берді, өте берді. Күндердің күнінде газеттегі хабарландыруды көзі шалып, жүрек түбіндегі арманы қайта оянды...

«Армансыз адам - қанатсыз құспен тең» демекші, арман адамды қанаттандырады, алға жетелейді, ынталандырады, күш сыйлайды. Жолыңа өз сәулесін шашып, биік мақсаттарға жетелейді, өмірден өзінді табуға көмектеседі.

Арман адамды алға жетелейді, күш сыйлайды. Бірі көк аспанды бағындырған ұшқыш болғысы келсе, бірі әлемді кезген саяхатшы болуды армандайды. Ал оның, орындалуы үшін аянбай еңбек етуге, табандылық, пен төзімділік танытуға тура келеді.

Балақай, сен де армандаудан жалықпай, қиял көгіне самғай бер!

821.512.122-93 Салықбай, Ә. Айдана мен Ақжолтай [Мәтін]
С18 : әңгімелер, хикаяттар / Әбділдабек Салықбай. -
Алматы: Томирис 21, 2021. – 192 б.

Жас дос! Бұл кітапқа өздерің сияқты балдырғандарға арналған бір топ шығарма енген. Осынау шап-шағын әңгімелер мен хикаяттарды зер сала оқысаң, Айдана, Асылтай, Құралай, Нұрәділ, Санжар және Нартай есімді жаңа достар табарың анық. Айдана мен Құралай сені сұлулық пен ізгілікке шақырса, Нұрәділ, Санжар және Нартай есімді достарың табандылық пен төзімділікті, қайсарлық пен ыждағаттылықты үлгі етеді. Тек өзің жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге жалықпасаң болғаны.

Жазушы Әбділдабек Салықбайдың басқа да шығармаларындағы ұлттық бояуға бай, ізгілікке іңкәр кейіпкерлері арқылы өзің сияқты балғын оқырмандарды ізгілікке, имандылыққа, жасампаздыққа үндейді.






Жаңылтпаш - қазақ ауыз әдебиетінің ажырамас бір бөлігі. Бұл - адам ойын сергіту, тіл байлығын арттыру, әріп пен сөздерді анық айтуға үйрететін жаттығу түрі.

Жаңылтпаш ойын-сауыққа жиналған жұртты күлдіру, жас ұрпақтың тілін ұстартып, әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету мақсатымен пайда болған.

Жаңылтпаш жаттаудың пайдасы зор. Мәнерлеп әрі мүдірмей сөйлеуге және тілді жаттықтыруға көмектеседі. Сондай-ақ анық сөйлеуге, үндестік заңын сауатты меңгеруге және шешен сөйлеуге баулиды. Ендеше, сөзден жаңылмау үшін бізбен бірге жаңылтпаш жаттаңыз.

Қазіргі кезде жаңылтпаш жаңа мазмұнға ие болып, түрі мен мазмұны жағынан молыға түсті. Жас ұрпақты достыққа, бірлікке, адамгершілікке, ізгі қасиеттерге тәрбиелеудің маңызды құралына айналды.

821.512.122-93 **Қуырмаш** [Мәтін] : [мектепалды даярлық тобы мен бастауыш сынып балаларына арн.] / құраст. С.К. Раева; [сурет. Б. Сопыбеков]. - Түзетілген. – Алматы : Алматыкітап, 2021. – 48 б.



Жинаққа енген өлеңдер балалардың бесікжырынан бастап, ойыншық сылдырмақпен ойнауы, қаз-қаз басуы, тұсау кесер, мектепке бару қадамдарын бейнелейді. Балалардың жаттап алуларына жеңіл.

Жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, санамақтар, тапқырларға тапсырма дейсіз бе бәрін-бәрін осы кітаптан табасыз.

«Қуырмаш» балалар көңілінен шығар деген үміттеміз.



087.5 Су астында не бар? [Мәтін] : 69 терезе:
C85 [3 жастан асқан балаларға арн.]. - Нұр-Сұлтан
: Bilim Media Group, 2021. – 16 б.



Теңіздер мен мұхиттардың ерекше және таңғажайып сұлулығы қай кезде де өзіне адамдардың назарын еріксіз аудартып келеді. BilimKids сауда маркасы ұсынған «Су астында не бар?» атты терезелі энциклопедия осынау сырлы да тылсым суасты әлеміне саяхат жасауға таптырмас жолбасшы бола алады.

Кітаптың ішінде түрлі түсті иллюстрациялы 8 айқарма бет және 69 терезе бар.

Энциклопедияны ашып көргендеріңізде, теңіздің ерекше тұрғындарымен танысып, осы тіршілік иелері туралы қызық деректерді біліп, танымдарыңызды арттырады!

Балақайлар - уақыттарыңызды қызықты әрі пайдалы өткізіңіздер!

087.5 Микроскоппен нені көреміз?

M52 [Мәтін] : 62 терезе: үш жастан асқан балаларға арналған. - Нұр-Сұлтан : Bilim Media Group, 2021. – 16 б.

Айналамыздағы тіршілік көзге көрінбейтін ұсақ-түйек заттардан тұрады, біз олар туралы тіпті ойланбаймыз. BilimKids сауда маркасы ұсынған «Микроскоппен нені көреміз?» терезелі энциклопедиясы балаңыздың ең сүйікті кітабының біріне айналады. Өйткені онда біз көңіл бөле бермейтін құпиялар мен жұмбақтар сыры топтастырылған. Кітаптың ішінде көз тартар жарқын иллюстрациялы 8 айқарма бет және қызықты деректерге толы 62 терезе бар. Балалар, кітапты ашып қарағанда, көзден таса таңғажайып микроәлеммен танысасыздар.

Балалар - уақытты қызықты әрі пайдалы өткізіңіздер!



821.512.122-93

К93

Күмісбайұлы, Ш. Сәби болғым келеді...
[Мәтін] : хикаяттар мен әңгімелер / Шәкен
Күмісбайұлы. - Нұр-Сұлтан : Big Dream, 2021.
– 188 б.

Белгілі балалар жазушысы Шәкен Күмісбайұлының бұл кітабы жас сәби-өскіндерге арналған. Өсіп келе жатқан жас-өркенге шығарылған кітап. Кітап көптік етпейді, ешқашан. Тек өмірдің сан-салалы жұмбақ сырларын балаға жеткізе білсе... Шығармалар бұл талаптан шығып отыр. Әсіресе, бала тілі, мінезі, әрекеттері балалық шақты еске түсірері анық. Білуге ұмтылдырады. Бұл, сөз жоқ, қазіргі заман талабы.



*Талап қыл артық білуге,
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.*

Абай Құнанбайұлы

*Оқу – білім қазығы,
Адамның азығы.
Оқу өмірдің сәні,
Тіршіліктің шамы.*

Сәкен Сейфуллин

*Өнер білім бәрі де оқуменен
табылған.*

Ыбырай Алтынсарин



821.512.122-93 Соқпақбаев, Б. Менің атым Қожа [Мәтін] :
С63 хикаят / Бердібек Соқпақбаев. - Нұр-Сұлтан :
Фолиант, 2021. – 152 б.




Бала жанының білгірі, сезімтал автор Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» шығармада жас жеткіншектердің көңіл күйін, жан дүниесін шебер суреттеген.

«Менің атым Қожа» - қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларының бірі саналатын, артына өшпес із қалдырған шығарма. Повесте кішкентай Қожаның мектеп кезіндегі басынан кешкен әртүрлі қызықты оқиғалары жайлы баяндалады. Ол қанша бұзықтық жасаса да, жақсы адам болуға талпынысы зор бала, жазушы болуды армандайды.

Кітап жеткіншектерге және көпшілік оқырман қауымға арналады.

821.512.122-93 Салықбай, Ә. Ілияс мінген Қарагер [Мәтін]
С18 : әңгімелер мен хикаяттар / Әбділдабек
Салықбай. - Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. –
192 б.



Жас дос! Қолыңдағы жинаққа Әбділдабек Салықбайдың балалар мен жасөспірімдерге арналған бір топ шығармасы енген. Олардың арасында жазушының 2016 жылы Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің Бас жүлдесін жеңіп алған «Ілияс мінген Қарагер» әңгімесі мен «Ақтық айқас» хикаяты да бар. Әңгіменің бас кейіпкері - кейіннен қазақтың дүлдүл ақыны атанған Ілияс Жансүгіров. Бала Ілияс Мұқаншы өңірінде өткен атақты Сүлеймен бидің асында 60 шақырымдық аламан бәйгеге шауып, Қарагердей жүйріктің бағын ашады, қазақтың барлық жақсы мен жайсаңдарын, ақын, әнші, балуандарын көріп, зор тағлым-өнеге алады.

«Ақтық айқас» хикаятында Санжар есімді балуан баланың балдырған шағынан бастап, АҚШ-тың Майами қаласында өткен Жасөспірім дзюдошылар арасындағы III әлем чемпионатының жеңімпазы болғанға дейінгі өмір жолы суреттеледі. Автор «Сақ Шырақ», «Интернаттың баласы», «Бір қап ұн» сынды басқа да шығармаларындағы ұлттық бояуға бай, ізгілікке іңкәр кейіпкерлері арқылы балғын оқырмандарын ізгілікке, имандылыққа, жасампаздыққа үндейді.

**821.512.122-93 Файзуллаұлы, Ә. Өтірік айтпайтын
Ф17**

күн [Мәтін] : әңгімелер, ертегілер,
хикаят, аңыз-дастандар, сахналық
қойылымдар / Әлібек Файзуллаұлы. –
Алматы : Таймас, 2021. – 272 б.

Әдебиет әлеміне келген уақыттан балаларға базарлық жасап, барқыт кілем өмірден өрнек іздеп, ой түйіндеген белгілі жазушы Әлібек Файзуллаұлы тағы да жасөспірімдер кітапханасы сөресіне «Өтірік айтпайтын күн» атты туындысын ұсынып отыр.

Туындының туы - талап-арман, кішіпейілділік, адалдық, арлылық, ерлік пен елдік... Осы атаулы қадір-қасиеттер жазушының «Жақсы көру», «Сағыныш», «Өтірік айтпайтын күн» әңгімелерінің, «Өмірдің мәні», «Алтын елеуіш» ертегілерінің ерен қабырға-желісіне айналған.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)


821.512.122-93 **Қабанбай, М.** Арыстан, мен, виолончель және қасапхана [Мәтін] / Марат Қабанбай. - Алматы : Таймас, 2019. - 240 б.



Қазақ әдебиетіне өзіндік өрнек, ой иірімдерін иінткен жазушы Марат Қабанбайдың бұл кітабы «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», «Туған жердің төрт мезгілі» атты повестерінің басын құрайды.

Жазушы әрбір шығармасының шырайшұрымын өмірдің өз өзегінен ала отырып, қарапайым да қалжың ойлы тіл әспетімен оқырман жүрегіне кеңінен жеткізе біледі. Оның оқырманға айтар ойы, алға ұстаған ұстанымы - жақсылық атаулының асқар шыңы - адамгершілік, ақиқатшылдық. Осы тұрғысында толғаған ой, түйген түйінін Асан, Самат сынды кейіпкерлер бойынан табасыз.

Кітап жеткіншектерге және көпшілік оқырман қауымға арналады.



821.512.122-93 Қалдыбаев, Ә. Сағындым сені, інім!
К25 [Мәтін] : әңгімелер / Әлдихан Қалдыбаев. –
Алматы : Таймас, 2021. – 240 б.


Бауырмалдылық, ағалық ақыл, інілік ізет, адалдық атаулыны болашақ ұрпақтың тұла бойына тұндырып, оны ту етпек әрбір қалам иесінің міндеті. Осы тұрғыдан алғанда жазушы Әлдихан Қалдыбаев қалыс қалмаған. Ол өзінің «Сағындым сені, інім!», «Бауыржан деген бала бар», «Ата», «Тыртық сыры» т.б. әңгімелеріне осы аталмыш қасиеттердің бәрін тоғыстыра біліп, жасөспірімдерді жақсылық жолына жетелейді.



821.512.122-93 Сарыбай, Б. Ақтабан [Мәтін] : әңгімелер, хикаяттар / Бейбіт Сарыбай. – Алматы : Таймас, 2021. – 240 б.

Өмірді өлеңмен өрмектей білген, өрнектей білген ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бейбіт Шегебайұлы Сарыбай қара сөздің де сеңіне күмп беріп, көпшілік қауым көз қадап оқитын туындылар туынтқан, туынтып келе жатқан қалам иесі. Оның қаламынан қағаз бетіне түскен әңгімелері мен хикаяттары адам ойына ой қосып, теңіздей тебірентіп, толғандыра біледі.

Қолыңыздағы мынау «Ақтабан» атты кітапта да күлдіреуші күнге күпсіген өмір-өзен жайлы сыр толғар туындылар таудай толғақтап барып, көз жетпес көкжиекке көңіл күйін арқаулатып-ақ тастайды. Оны «Мөп-мөлдір көздің қарасы», «Шеткері үйдің тағдыры», «Бейкүнә күнәһарлар», «Естелік», «Қараағаш», «Рауғаш ерте гүлдейді», «Көктем. Ақ бұлақтар» болып арна түзер әңгіме-хикаяттарын оқып отырып ұғынасыз.




821.512.122
Қ23

Қайым, Қ. Көпір астындағы үй [Мәтін] :
[хикаяттар, әңгімелер, балғындарға базарлық,
сахналық қойылымдар] / Қанат Қайым. –
Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. – 240 б.

Жазушы Қанат Қайымның әңгіме, хикаяттарында кейіпкерлердің алуан түрлі мінез-құлықтары шұрайлы тіл, шұғылалы сезіммен өрнектеледі. Кітапта қиын тағдырлы балалардың тіршілік-тыныстары, арман-тілектері мен ерекше ой-саналарын саралайтын шығармалар топтастырылған. Отанды, елді, табиғатты сүйеге, достық, бірлік, өзара сыйластыққа тәрбиелейді.

Кітап жеткіншек ұрпақ - жасөспірімдер, көпшілік оқырман қауым, сондай-ақ балғын бүлдіршіндерге де арналған.



Кітап – адамның жан-дүниесінің асыл қазынасы, рухани байлықтың өлшемі, адам интеллектісінің көрінісі. Ол – адамзат үшін ғасырдан ғасырларға жалғасып қызмет етіп келе жатқан ғылым мен өнердің, соның ішіндегі сөз өнерінің туындысы, ғалым адам мен қаламгердің жемісі. Әу баста сол рухани өлшем мен адам ақыл-ойының ажырамас тұнығындай болып көрініс тапқан кітап енді өзін оқыған, пайдаланған адамға да қызмет ете отырып, сол жанды да рухани тұрғыдан байытады, білім-білігін ұштайды, сенімді серігі, ажырамас досына айналады.

Кітап сонымен бірге ақпарат пен техника дәуірі, жаңа технологиялардың заманында да бірден-бір білім беруші құрал ретінде қала береді. Кітап ғаламтордан уақыт тұрғысынан алғанда ұтылуы мүмкін, бірақ адамға дайын ақпараттарды ұсынушы емес, терең сезімге, өзіндік ойлауға үйрете отырып, білім береді. Адамды ізденімпаздыққа жетелейді, ой-өрісін ұштайды.

Кітап – бүгінгі заман азаматының рухани дүниесінің негізі.



*Назарларыңызға рақмет,
сау саламатты болыңыздар!*

*Виртуалды көрме Тараз қаласы ОККЖ
ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету
бөлімінде жасалды.*

libr.e-taraz.kz

 [csmb_taraz](https://www.instagram.com/csmb_taraz)

 [Библ Абая](#)

